

<b>1</b>	<b>Язык аналитической записки</b>	Қазақ тілі
<b>2</b>	<b>Год</b>	2024
<b>3</b>	<b>Регион</b>	Павлодарская область
<b>4</b>	<b>Тип кейса</b>	Аналитическая записка в рамках курсов переподготовки
<b>5</b>	<b>Направление работы</b>	Государственная служба
<b>6</b>	<b>Название проекта</b>	Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсартудың болжамы
<b>7</b>	<b>Ключевые слова</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Электронды үкімет (Egov.kz)</li> <li>• Цифрлық қызметтер</li> <li>• Платформалардың бірігуі</li> <li>• Мемлекеттік қызмет көрсету</li> <li>• Электрондық бюрократия</li> <li>• Қолжетімділік</li> </ul>
<b>8</b>	<b>Руководитель проекта</b>	Омарова М.С.
<b>9</b>	<b>Автор (ФИО)</b>	Қапалбай Азамат Қайратұлы
<b>10</b>	<b>Должность автора</b>	Главный специалист отдела культуры, физической культуры и спорта Актогайского района

## **Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсартудың болжамы**

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі тұрақты түрде жолға қойылған. Яғни «Электронды үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы мемлекеттік қызметтерді пайдалану мүмкіндіктері барынша жеңілдетілген. Онда барлық салада тиімді қызметтер алу қолжетімді. Электродық цифрлық қолтаңба арқылы құжаттарды растау азаматтардың жеке құпияларын сақтауға, ақпараттық қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік береді.

Алайда, цифрлық форматтағы қызметтердің қолжетімсіз тұстары да байқалады. Мәселен, «Электронды үкімет» порталында (Egov.kz) қарастырылған қызметтерді пайдалану үшін, өзге де платформаларды қолдану қажеттіліктері туындайды. «damumed» «kundelik.kz» «sud.gov.kz» «goszakur.gov.kz» сайттары жеке дара тіркелуді қажет етеді. Менің идеям - бойынша салалық қызметтерді бір ғана ЭҮП-да жүзеге асыру.

ЭҮП-да «Денсаулық сақтау» бөлімінде ақпараттық қызметтер ғана қарастырылған. Дәрігердің жеке қабылдауына жазылу үшін ЭҮП жеткіліксіз болады. Өйткені, келесі кезекте сізді «damumed» қолданбасы күтеді. Қолданбаға тіркелу, ЭҮП-да көрсетілген мәліметтерді келесі платформада қайталап жазуға тура келеді. ЭЦҚ-мен растау, анкета толтыру, өз учаскенізді таңдау сынды талаптарды орындау науқастардың дер кезінде медициналық қызмет алуын тежейді. Егер аталған қызметтерді бір ғана «Egov.kz» платформасына жинақтайтын болсақ, азаматтардың денсаулық сапасын көтеруге болады.

ЭҮП-ның құқықтық бөлімінде сот кабинеті қарастырылған. Алайда, сотқа талап арыз беру үшін сізді келесі кезекте «sud.gov.kz» сайты күтеді. Ол сайттарға тағы да тіркелу қажеттіктері туындайды. Осылайша, қызмет алу процестері күрделене береді. Сот кабинетін де ЭҮП-да жинақтайтын болсақ, азаматтардың құқықтық мүмкіндіктерін одан әрі арттыруға болады.

ЭҮП-да «Білім» бөлімі қарастырылған. Алайда, орта білім беру саласында қызметтерді толық алу үшін, оқушылар мен ата-аналарды тағы да «kundelik.kz» порталы күтеді. Оқушылар туралы ақпараттар, сабақ кестесі, баланың сабақ үлгерімі, бағалау рейтингісі т.б функцияларды «Egov.kz» порталына жинақтайтын болсақ, қызметтерді пайдалану қолжетімділігі жақсарады.

ЭҮП-да «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімі қарастырылған. Алайда, жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер үшін келесі сайттың қызметіне жүгінуге тура келеді. Ол – «enbek.kz» сайты. Бұл жерде де жеке тіркелуді қажет етеді.

Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру үшін, барлық салалық процестерді ЭҮП-да жүзеге асыру қажет. Клиенттер бір ғана қызмет үшін бірнеше платформаға жүгіну процестерді қиындатады. Қазақстан Республикасының азаматтарының ұялы телефондары «egov mobil», «damumed», «kundelik.kz», «sud.gov.kz», «goszakup.gov.kz», «enbek.kz» т.б қолданбаларға толы болады. Электрондық бюрократияны азайту үшін, мемлекеттік қызметтің барлық түрлері бір ғана «Электронды үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асатын жүйге көшуіміз керек.